

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫНДА КЕЗЕКТЕН ТЫС
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№2 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

07.11.2023ж.

Қатысқандар:

- 1) Усманов Б.Н.- кеңес төрағасы, мектеп директоры;
- 2) Құрманбай Г.Т.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3) Джанабергенова Д.Г.- кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Бекбосынова К.Д. – кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 5) Қуандық Н.Т. - кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 6) Утебаев Т.Б.- кеңес мүшесі, АӘД пәнінің мұғалімі;
- 7) Жақашева Г.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- 8) Жекеңова Г.С. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
- 9) Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы;
- 10) Жуманова Г.П.- қосымша білім беру педагогы;
- 11) Сеймурат Ж.Л. - хатшы, әлеуметтік педагог және оқушылардың Ата-аналары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері мен оқушылар.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Оқушыларды мектепішілік профилактикалық есепке алу» туралы.

Т Ы Ң Д А Л Д Ы :

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы** сөз алып, тоқталып өтті.
- «Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бекіту туралы ҚР оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрығы негізінде мектепішілік тәрбиесі қиын, қиынға бейім 5 оқушыны түрлі себептермен мектепішілік есепке алуға ұсыныс білдіремін. Атап айтсақ:

- 10 «Б» сынып оқушысы Берали Тоғжан Қуанышқызы;
- 9 «Қ» сынып оқушысы Сейдалиева Балнура Эржигитқызы;
- 9 «Е» сынып оқушысы Орынбасар Сандуғаш Бағдатқызы;
- 9 «Е» сынып оқушысы Темір Тілуеулес Әділұлы;
- 9 «Д» сынып оқушысы Еркінбек Муслим Айбекұлы;
- 11 «Б» сынып оқушысы Аймен Руслан Сарсенбайұлы;

4 04.08.2008 жылы туылған Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас м/а, Саяхат №118 үйдің тұрғыны, 10 «Б» сынып оқушысы Берали Тоғжан Қуанышқызының отбасы аз қамтылған. Ата-анасы ажырасқан. Нағасы әжесі Оспанова Кларамен бірге тұратын. Анасы 02.07.1987ж. туылған Айбекова Гүлзира Атырау қаласында «Тенгиз» вахталық жұмыста істейді.
Берали Тоғжан 2023 жылдың маусым айында 1 рет және қараша айында 1 рет үйінен кетіп қалған. 21.06.23ж.күні үйіндегілермен ұрысып қашып, бес күн ішінде табылып, «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының» КММ-не (ЦАН) апарып орналастырды. 2023 жылдың 06 қараша үйінен қайта қашып кетті. Сабақтан себепсіз қалуына және жеке тәртібіне байланысты Берали Тоғжанды мектепішілік есепке алуға ұсыныс білдіріп отырмыз.

✚ 22.04.2008 жылы туылған Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас м/а, Нұртас №166 үйдің тұрғыны 9 «Қ» сынып оқушысы Сейдалиева Балнұра Эржигитқызының әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасы. Ата-анасы ажырасқан. Өзбекстан мемлекетінің азаматтары, Ташкенттен келген. Әкесі Худаяров Ержігіт - 2 айдан Ресейде жұмыс істейді. Анасы Еділбаева Ұлжалғас, жұмысшы. Балнұр анасымен бірге нағашы апасының үйінде тұрады. Күзгі каникулда Ташкентте оқимын деп, үйінен кетіп қалып, әлі оралмады. Анасымен тығыз байланыстамыз, жұмыстар жүргізілуде.

✚ 22.01.2008 жылы туылған, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас-1 м/а, Ақбаев №23 үйдің тұрғыны 9 «Е» сынып оқушысы Орынбасар Сандуғаш Бағдатқызының әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасы. Ата-анасы ажырасқан. Анасы, ағаларымен бірге жалдамалы пәтерде тұрады. Анасы Оразбеков Гулмира жұмыссыз, денсаулығына байланысты түрлі сылтаулар айта отырып, қызын сабаққа жібермейді.

✚ 9 «Е» сынып оқушысы Темір Тілуеулес Әділұлы - 2008 жылы 12 желтоқсанда дүниеге келген, көп балалы отбасынан. Дене тәрбиесі сабақ уақытысында киім шешінетін бөлмеден басқа сыныптың оқушыларының соткаларын (екі сотка) ұрлаған. Кейін ата-аналарының шағымы бойынша Қаратау аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінің іздестіруімен сотқалар табылды.

✚ 9 «Д» сынып оқушысы Еркінбек Муслим Айбекұлы - 2008 жылы 05 қазанда дүниеге келген. Анасы Ж.Измайлова басқа қалада тұрады. Әкесі А.Сыздықова уақытша бейімдеу (түрмеде) орталығында. Муслим сабақ кезінде мектеп ішіндегі әжетханада электронды темекі пайдаланып, мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзды.

✚ Баймен Руслан 11 «Б» сынып оқушысы, толық отбасынан. Мінезі бірқалыпты. Дегенмен де, химия пәні сабағы кезінде оқушы электронды темекі пайдаланып, сабақ үстінде шеккен. Пән мұғалімі Бекбаева Ақшолпанның мәліметі бойынша анықталды., ата-анасы шақырылып, ескертілді. Сабақ кезінде өрескел бұзақылық жасағаны үшін мектепшілік есепке алуға ұсыныс білдіреміз.

ЖАРЫС СӨЗГЕ:

Жакашева Г.Қ. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

-Ел болам десең, бесігінді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді. Қазіргі уақытта ересектерден бұрын оңы мен солын танып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер үшін алаңдайтын болдық. Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керекпіз. Құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік! Мына оқушылардың түрлі жасаған іс-әрекеттеріне қарап, мектепшілік есепке ала отырып, тәрбиелеу қажеттігін айтқым келеді.

Усманов Б.Н.- кеңес төрағасы, мектеп директоры:

- Аталған оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзып отыр. Мектеп жарғысын, мектептегі қоғамдық тәртіпті бұзып, тыйым салынған заттарды пайдаланып, 10 күннен аса сабақтан қалып, ережені бұзған оқушыларға тәртіптік жаза қолдану қажет. Осы оқушыларға тәлімгерлер бекітіп, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, үйірмелерге тарту қажет. Сынып жетекшілері ата-аналармен тығыз байланыста болыңыздар, оқушылармен жан-жақты жұмыс жүргізуді сіздерге қатаң тапсырамын.

Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы :

- Тәртіпбұзушылыққа жол берген оқушылармен жұмыс жүргізіп келемін. Берали Тоғжан Қуанышқызы, Темір Тілуеулес Әділұлы Қаратау ішкі істер бөлімінде есепте тұрады. Ата-аналарымен байланыстамын. Бұл жерде ата-ана жауапкершілігін арттыру қажет. Бала тәрбиесіне жете мән беру қажет. Тәртіпбұзушылыққа, құқықбұзушылыққа жол бергені үшін оқушыларды мектепшілік есепке алуды құптаймын.

ҚАУЛЫ:

1. 2023-2024 оқу жылында тәртіпбұзушылыққа, құқықбұзушылыққа жол бергені, мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін 10 «Б» сынып оқушысы Берали Тоғжан Қуанышқызы, 9«Қ» сынып оқушысы Сейдалиева Балнура Эржигитқызы, 9 «Е» сынып оқушысы Орынбасар Сандуғаш Бағдатқызы, 9 «Е» сынып оқушысы Темір Тілеуулес Әділұлы .9 «Д» сынып оқушысы Еркінбек Мұслим Айбекұлы және 11 «Б» сынып оқушысы Аймен Руслан Сарсенбайұлы мектепішілік профилактикалық есепке алынсын.
2. Есепке алынған оқушыларға мұғалімдерден тәлімгерлер бекітіліп, үйірмелерге қатыстырылсын.
3. Мектепішілік профилактикалық есепке алынған оқушылармен жекелеген жұмыс жүргізу жауапты мамандарға(психолог, социолог, мектеп инспекторы), бекітілген тәлімгерлерге және сынып жетекшілерге жүктелсін.

Кеңес төрағасы:

Б.Н.Усманов

ДТІЖО:

Г.Т.Құрманбай

Хатшы:

Д.Г.Джанабергенова

Ж.Л.Сеймурат